

"Картамен төлеп — демалысқа ұш" жарнамалық акциясын өткізу шарттары

1. Жалпы ережелер

- 1.1. "Картамен төлеп — демалысқа ұш" жарнамалық акциясының (бұдан әрі — Акция) ұйымдастырушысы — "Еуразиялық банк" АҚ (бұдан әрі — Банк).
- 1.2. Акцияны өткізу кезеңі: 2022 жылғы 21 ақпаннан бастап қоса алғанда 15 мамырға дейін.
- 1.3. Жарнамалық акцияға қатысушылар: Қазақстан Республикасының резиденттері, атап айтқанда Акцияны өткізу кезеңінде Акцияның барлық шарттарын орындаған Мастеркард (SmartCard, Автокарталар, Эко-карталар және PayDA премиум түрлерін қоса алғанда) төлем карталарының (банк өнімі, бұдан әрі — карта) барлық ұстаушылары:

Акцияға қатысу шарттары	Жүлде
Еуразиялық банктің "Мастеркард" картасының ұстаушылары және екі апта сайын кемінде 10 000 тг сомаға тауарлар мен қызметтерді сатып алудың қолма-қол ақшасыз операцияларын жүргізгендер және EurasianPay/ApplePay/Samsung Pay/Google Pay арқылы жүргізілген төлемдер	Номиналы 1 100 000 теңгені құрайтын екі адамға арналған саяхат сертификаттары - 6 дана

- 1.4. Осы Акцияны өткізу шарттары (бұдан әрі — Шарттар) Акцияны өткізу, Акцияға қатысу тәртібін, сондай-ақ жүлделерді тапсыру тәртібін айқындайды. Осы ережелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейді.
- 1.5. Акцияға Банк қызметкерлері және Банкпен айрықша байланыстағы тұлғалар қатыспайды.
- 1.6. Қазақстан Республикасының жарнамалық акциясын өткізу аумағында Еуразиялық банктің "Мастеркард" картасын қолданып жүрген, сондай-ақ "Мастеркард" картасын рәсімдеген барлық адамдар қатысады.
- 1.7. Акцияны өткізу мақсаты клиенттерді "Еуразиялық банк" АҚ-ның "Мастеркард" картасын рәсімдеуге және пайдалануға ынталандыру болып табылады.

2. Жүлде қоры

- 2.1. Акцияның жүлде қоры Банк қаражаты есебінен құралады.
- 2.2. Акцияның жүлде қоры:
 - Номиналы 1 100 000 теңгені құрайтын екі адамға арналған саяхат сертификаттары - 6 дана
- 2.3. Жүлде қорының сыртқы түрі жарнамалық бейнематериалдардан, оның ішінде Банктің сайтына, әлеуметтік желілерге және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарына орналастырылған кескіндерден өзгеше болуы мүмкін.
- 2.4. Ұтыс келесі кезеңдермен өткізілетін болады:

Кезең №	Кезең мерзімі	Ұтыстың ойнатылатын күні	Жүлделер	Келесі кезеңдердегі транзакциялар қатысады
1	21.02.2022 - 06.03.2022	10.03.2022	Саяхат сертификаты	21.02.2022 - 06.03.2022
2	07.03.2022 - 20.03.2022	25.03.2022	Саяхат сертификаты	07.03.2022 - 20.03.2022
3	21.03.2022 - 03.04.2022	06.04.2022	Саяхат сертификаты	21.03.2022 - 03.04.2022
4	04.04.2022 - 17.04.2022	20.04.2022	Саяхат сертификаты	04.04.2022 - 17.04.2022
5	18.04.2022 - 01.05.2022	04.05.2022	Саяхат сертификаты	18.04.2022 - 01.05.2022
6	02.05.2022 - 15.05.2022	18.05.2022	Саяхат сертификаты	02.05.2022 - 15.05.2022

- 2.5. Банктің жүлде қоры ақшалай баламамен берілмейді.

2.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жүлде қорын алу құқығы басқа тұлғаға берілмейді.

3. Жарнамалық акция туралы ақпарат

3.1. Осы Акция туралы ақпарат:

- ✓ Банктің **eubank.kz** ресми сайтында орналастыру;
- ✓ Банктің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларына орналастыру;
- ✓ интернет алаңдарда жарнама орналастыру;
- ✓ Банк банкоматтары мен терминалдарында Жарнама орналастыру арқылы таратылады.

4. Жүлде қорын алу тәртібі мен мерзімдері

4.1. Әр ниет білдіруші Акцияның шарттарымен Банктің **eubank.kz** сайтында өз бетімен таныса алады.

4.2. Осы Шарттардың 2.2-бөлімінде көрсетілген Акцияның жүлде қорын алу үшін Қатысушылар Акцияны өткізу кезеңінде екі апта бойы "Еуразиялық банк" АҚ "Мастеркард" картасын рәсімдеуі немесе бұрын ашылған "Мастеркард" бойынша EurasianPay/ApplePay/Samsung Pay / Google Pay көмегімен Интернет-транзакциялар мен төлемдерді қоса алғанда, кемінде 10 000 тг сомаға транзакциялар жүргізуі тиіс:

Кезең №	Кезең мерзімі	Ұтыстың ойнатылатын күні	Жүлд елер	Келесі кезеңдердегі транзакциялар қатысады
1	21.02.2022 - 06.03.2022	10.03.2022	Саяхат сертификаты	21.02.2022 - 06.03.2022
2	07.03.2022 - 20.03.2022	25.03.2022	Саяхат сертификаты	07.03.2022 - 20.03.2022
3	21.03.2022 - 03.04.2022	06.04.2022	Саяхат сертификаты	21.03.2022 - 03.04.2022
4	04.04.2022 - 17.04.2022	20.04.2022	Саяхат сертификаты	04.04.2022 - 17.04.2022
5	18.04.2022 - 01.05.2022	04.05.2022	Саяхат сертификаты	18.04.2022 - 01.05.2022
6	02.05.2022 - 15.05.2022	18.05.2022	Саяхат сертификаты	02.05.2022 - 15.05.2022

4.3. Бұл ретте Акцияның бір Қатысушысы осы Шарттардың 2.2-тармағында көрсетілген 1 (бір) жүлдені ала алады.

4.4. Жүлде қорының табыс етілетіні туралы Банк қызметкерлері Акцияға қатысушының мобильді нөміріне қоңырау шалу арқылы хабарлайды.

4.5. Жүлде қорын табыстау Қазақстан Республикасының аумағында ғана, Банктің кез келген бөлімшесінде/ филиалында жүзеге асырылады.

4.6. Жүлде қорын табыстау Акцияның өту барысында апта сайын жүзеге асырылады.

4.7. Жүлде қорын Банк бөлімшесінде /филиалында алу кезінде Қатысушы ҚР заңнамасына сәйкес жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуі қажет.

4.8. Акцияға қатысушылар арасында ұтыс өткізу үшін Банк кемінде 3 (үш) мүшеден және дербес нотариустан тұратын комиссияны құрады.

4.9. Комиссия мүшелерінің атқаратын міндеттері:

- Акция жүлде қорының ұтыс ойынын өткізу;
- жеңімпаздардың резервтік тізімін қалыптастыру;

- жеңімпаздарды көрсете отырып, тиісті хаттамаға қол қою арқылы Акцияға қатысушылар арасында өткен ұтыс ойынының нәтижелерін растау.

4.10. Акция қатысушылары арасындағы ұтыс Акцияны өткізу кезеңінде қатысушының Банктің деректер қорында тіркелген транзакциясының бірегей референс-нөмірін кездейсоқ анықтау қағидатына негізделеді, кездейсоқ сандар генераторының (бұдан әрі – КСГ) көмегімен және комиссия мүшелерінің қатысуымен өткізіледі.

4.11. КСГ алгоритмінің көмегімен карта бойынша экранда тіркелетін транзакциялардың референс-нөмірлері таңдалады және Акция жеңімпаздары анықталады.

4.12. Ұтыс өткізу аяқталғаннан кейін комиссия мүшелері транзакциялардың КСГ жеңімпаз деп анықтаған референс-нөмірлерін тіркейді.

4.13. Ұтысты өткізу нәтижелерін комиссия ұтыс қорытындысының тиісті хаттамасына енгізеді және оған комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

4.14. Егер жеңімпаздардың негізгі тізіміндегі қатысушы Акция шарттарында көрсетілген осы Акцияның ережелерін орындамаса, Банк ол жеңімпазды жеңімпаздардың резервтік тізіміндегі өлшемшарттарға сәйкес келетін жеңімпаздармен ауыстыруға құқылы.

4.15. Ұтыс қорытындысы ұтыс өткізілгеннен кейін және жүлделер табыс етілгеннен кейін eubank.kz сайтында жарияланады (пандемия кезеңінде жүлделерді табыс етудің кешіктірілуіне байланысты).

4.16. Өткізілген ұтыстардың нәтижелері түпкілікті болып табылады және қайта қаралмайды.

5. Қорытынды ережелер

5.1. Акцияға қатысу арқылы қатысушы осы Шарттармен толық келісетіндігін растайды.

5.2. Банк жүлделерді беру рәсімін өзгерту және Акция туралы қосымша ақпаратты eubank.kz сайтында жариялау құқығын өзіне қалдырады.

5.3. Банк жеңімпаздардың есімдері мен фотосуреттерін Банкті жарнамалау мақсатында пайдалану құқығын өзіне қалдырады.

5.4. Банк кез келген сәтте алдын ала ескертусіз және себептерін түсіндірмей осы Шарттарды бұзатын, соның ішінде:

- ✓ Банк алаяқтық, алдау немесе Банк пен Акцияға қатысушылар үшін қолайсыз салдарларға әкеп соқтырған немесе әкеп соғуы мүмкін өзге де айла-шарғылар деп бағалайтын іс-әрекеттерді жасайтын;
- ✓ Банктің, Акцияға қатысушылардың атына ар-намысты қорлайтын пікірлер мен сөздер жазатын, Акция мен Банк туралы шындыққа жанаспайтын мәліметтер тарататын адамдардың Акцияға қатысу мүмкіндігін бұғаттау құқығын өзіне қалдырады.

5.5. Акция өткізуді ұйымдастыруға байланысты шағымдарды probank@eubank.kz мекенжайына жіберуге болады. Банк келіп түскен шағымдар бойынша оларды алғаннан кейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей шешім шығарады.

5.6. Банк кез келген уақытта Акцияның күшін жою немесе ұзарту, сондай-ақ осы Шарттарды өзі дұрыс деп санайтындай етіп өзгерту құқығын өзіне қалдырады. Банк Акция шарттарының өзгергені туралы ақпаратты қатысушылардың назарына eubank.kz арқылы уақтылы жеткізеді.

"Еуразиялық банк" АҚ
"Картамен төлеп –
демалысқа ұш" Акциясын
өткізу шарттарының
№1 қосымшасы

Жүлдені қабылдау
актісі

Мен,
жеке куәлік № _____ берілген күні _____ (күні)
(құжатты берген орган), ЖСН _____ 2022 жылдың
21 мамырынан бастап 15 мамырын қоса алғанда **"Картамен төлеп – демалысқа ұш"**
акциясының жеңімпазы болғаным туралы хабар алдым және жүлдені алынғанымды
растаймын.

Күні

Қолы

Мен,
"Картамен төлеп – демалысқа ұш" Акциясының жеңімпазы болып табыламын және ТАӘ;
фотосуреттерім мен сұхбатымды Банкті жарнамалау мақсатында өтеусіз негізде
пайдалануға келісімімді беремін.

Күні

Қолы

"Еуразиялық банк" АҚ
"Картамен төлеп –
демалысқа ұш" Акциясын
өткізу шарттарының
№2 қосымшасы

Жүлдеден бас тарту
актісі

Мен,
жеке куәлік № _____ берілген күні _____ (күні)
(құжатты берген орган), ЖСН _____ 2022 жылғы 21
ақпаннан қоса алғанда 15 мамырға дейінгі "Картамен төлеп - демалысқа ұш" жарнамалық
акциясының жеңімпазы болғаным туралы хабар алдым және осы арқылы жүлдені алудан бас
тартамын.
Алдағы уақытта "Еуразиялық банк" АҚ-ға ешқандай талап қоймаймын.

Күні

Қолы